

15.12.2020

Виртуалды көрме

Виртуальная выставка



Әл-Фараби кітапханасы

Әбілфайыз Ыдырысов журналистиканың қара нары

Әбілфайыз Ыдырысов 1930 жылы 23 ақпанда Қостанай облысы Амангелді ауданы Егіндісай ауылында туған. Еңбек жолын «Қазақстан пионері» газетінде әдеби қызметкер болып бастап, бас редактор қызметіне дейін көтерілген. Радиода, республикалық басылымдарда тынымсыз еңбек етті. Ұзақ жылдар өзі түлеп ұшқан (1953 ж.) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де қызмет еткен. Қазақ журналистикасының ардагері, профессор Әбілфайыз Ыдырысов өмірінің жарты ғасырға жуық уақытын осы жоғары оқу орнына арнады. Ол полиграфия ісі, газетті безендіру және түрлендіру өнерінің негізін салып берді.

Өзінің шығармашылық еңбек жолында 800-ден астам публицистикалық мақалалар, очерктер, оқулықтар, «Қазақ журналистикасының тарихы», «Біртуарлар болмысы», «Бағдарымыз – өркениет өрісі», «Тұлғалар» тағы басқа да пәндер бойынша әдістемелік құралдар дайындады. Әбілфайыз Ыдырысов деректі «Таңшолпан» романының авторы ретінде де танымал болған қаламгер.

Көрменің тұжырымдамалық идеясы кітапхана қорындағы Әбілфайыз Ыдырысовтың шығармаларын, оның ұстаздық еңбегінің жемісін, ол туралы жазылған мақалаларды көпшілікке таныстыру.


Көрмеде Әбілфайыз Ыдырысовтың 90 жыл ішінде еліне, мемлекетке істеген ұлағатты ісін кейінгі ұрпаққа таныстыру мақсатында оның өмірі мен шығармашылығы ұсынылған.

Кітаптар саны: 14

Оқытушылар назарына: [Кітап қорының қалыптасуы бойынша ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

[Қорымыздың басқа кітаптарымен танысу үшін осы жерді басыңыз.](#)

	<p>Бдырысов Ә. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2009. 1 том. Өзге емеспін, өзіммін. – 456 бет.</p> <p>Аталмыш жинақтың алғашқы кітабында студенттік кездері мен қызмет істей бастаған жылдары, сондай-ақ достық қарым-қатынас, сыйластық, жар таңдау сияқты өзекті мәселелер қамтылған.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Бдырысов Ә. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2009. 2 том. Сыр мен шындық. – 464 бет.</p> <p>Бдырысовтың журналистика саласындағы қалам тербеген алғашқы еңбектері, ой-толғаулары еніп отыр. Шығармалардың қай-қайсысы болмасын жеңіл оқылады, ой салады. Тілі тартымды, ойы салмақты.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Бдырысов Ә. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2009. 3 том. Біртуарлар болмысы. – 432 бет.</p> <p>Бұл томда новелла, эссе, естеліктерде қазақ халқының мақтан тұтар абзал алыптарының, Асыл тұлғаларының, қайталанбас біртуарларының автордың олармен қатынаста өзі тікелей куәгер болған, көзбен көрген қас қағымдық ұлылық сәттері, қылықтары, әрекеттері, жүріс-туыстары, мінез көріністері ешбір боямасыз өз қалпында әңгімеленеді.</p>	<p><u>Читать</u></p>

	<p>Ыдырысов Ә. Шығармалары. – Алматы: «Алматы болашақ» баспасы, 2011. 4 том. Әуезовке іңкәрлік. – 424 бет.</p> <p>Журналист-жазушы Ә. Ыдырысов бұл жинағында сол бір өткен күндерден қазақтың ғұлама, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовпен дәмдес-тұздас болған сәттерінен сыр шертпек.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Ыдырысов Ә. Шығармалары. – Алматы: «Алматы болашақ» баспасы, 2011. 5 том. Бағдарымыз – өркениет. – 476 бет.</p> <p>ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» және «Ғасырлар тоғысында» деген шығармалары туралы өзінің ой-пікірлерін ортаға сала отырып, Елорда жайлы жүрекжарды ойтолғамын шынайы жеткізеді.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Ыдырысов Ә. Қазағым – мақтаным, мадағым! – 6 том. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 398 бет.</p> <p>Белгілі жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Әбіл фәйыз Ыдырысовтың қазақ журналистикасына жасаған қызметін баян ететін мақалалар мен сұхбаттар, замандастар лебізі, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтастырылған бұл кітап ғалымның 85 жылдық мерейтойына орай шығып отыр. Кітап көпшілік оқырманға арналған.</p>	<p><u>Читать</u></p>

	<p>Бидырысов Ә. Фототерім (оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994. – 124бет.</p> <p>Бүгінгі полиграфия өндірісінің жетекші жұмыс ауқымының бір саласы – фототерім. Кітапта қазіргі терімнің осы түрінің дамуы, болашағы, техникасы мен технологиясы қарастырылады. Мәтіндік түпнұсқаларды фототерімге әзірлеу, оларды желілеп бағдарламалау, қалыптарға айналдыру ісіне т.б. айырықша мән берілген.</p>	<p>Читать</p>
	<p>Бидырысов Ә. Газетті безендіру сыры. Алматы, «Қазақстан», 1972. 112бет.</p> <p>Бұл жинақта безендіру ісінің тәсілдері мен редакциялық техникасы, полиграфиясы мен қаріп сипаттамалары, суреттік көркемдеу әдістері мен газет номерінің архитектурасы және макеттеудің түрлері хақында әңгімелейді.</p>	<p>Читать</p>
	<p>Бидырысов Ә. Біртуарлар болмысы. – Алматы: ЖШС «Қазақстан баспа үйі», 2000. 144бет.</p> <p>Журналист-жазушының бұл жинағына қазақ халқының біртуарлары: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Серке Қожамқұлов, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов туралы соңғы жылдары жазған эсселері енгізілген. Қаламгер әйгілі жандардың қасқағым сәттік мінез қылықтарын, абзал қасиеттерін, істеген істерін, айтқан сөздерін әсіресіз, қаз қалпында бейнелеп жеткізген.</p>	<p>Читать</p>

	<p>Ыдырысов Ә. Таншолпан: Роман-хикая. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2000. – 448 бет.</p> <p>Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, қаламгер, публицист, жазушы, профессор Әбілфайыз Ыдырысовтың аталмыш кітабында студенттік кездері мен қызмет істей бастаған жылдары, сондай-ақ достық қарым-қатынас, сыйластық, жар таңдау сияқты өзекті мәселелер қамтылған.</p> <p>Автор мұнда негізінен «өзі көзімен көріп, қолымен ұстаған» дейтіндей өмір шындығын екі жастың мөлдір махаббаты арқылы журналистік шеберлікпен әдемі айта білген.</p>	<p>Читать</p>
	<p>Идрисов А. Таншолпан./ Перевод с казахского языка. Переводчики Валерий Михайлович Буренков, Кайсар Жорабеков – члены Союза писателей казахстана. Алматы. «Дәуір», 2001. 408стр.</p> <p>О любви много написано. Все мы знаем, из казахской литературы, примеры настоящего искреннего и сильного чувства, способность, не задумываясь, жертвовать собой ради другого человека. Это любовь Баян-сулу к Козы-Корпешу, Енлик к Кебеку, Жибек к Толегену. А кому-то повезло испытать такое чувство в реальной жизни и пронести его до конца дней своих. Вот и известному писателю Абильфайызу Идрисову посчастливилось найти свою единственную и неповторимую половинку. Только благодаря любви к своей жене Заре, кстати книга посвящена именно ей, был написан роман "Таншолпан".</p>	<p>Читать</p>
	<p>Казанцев В.В., Таль Г.А. Офсеттік шағын машиналар және оларда жұмыс істеу. Алматы. – 1991. – 211бет.</p> <p>Бұл кітап «Ротакон», «Роминор», «Рамойор», «Доминант» текті офсеттік шағын машиналардың құрылғыларымен, олардың технологиялық параметрлерімен, қолданыс салаларымен таныстырылады. Онда аталған машиналарды ұтымды пайдалану, олар үшін басылым қалыптарын жасау жөнінде деректер берілген.</p>	<p>Читать</p>

	<p>Ыдырысов Ә. Әуезовке іңкәрлік немесе Ұлылықтан үзік сыр. – Алматы: «Атамұра», 1997. 144бет.</p> <p>Қазақтың ғұлама, заңгер жазушысы Мұхтар омарханұлы Әуезовтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көріп отырған бұл басылым белгілі журналист, профессор Ә. Ыдырысовтың сол бір өткен күндерде ұлы жазушымен дәмдес-тұздас болған сәттерінен сыр шертпек.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Ыдырысов Ә. Тұлғалар. – Алматы. Қазақ университеті, 2010. – 318б.</p> <p>Ыдырысов Әбілфайыздың туғанына 80 жыл толуына орай қаламгердің мерзімді баспасөзде жарық көрген қазақ халқының біртуарлар тұлғалары туралы жарияланған мақалалары осы жинаққа топтастырылған.</p>	<p><u>Читать</u></p>